



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhly
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 353–
366
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_353-366

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова¹, Қайпабаева Айнагүл Толғанбайқызы^{2*}, Саипова Камола Давлетияровна³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0002-3387-624X>. E-mail: aina_78@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Мирзо Улуғбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті
(Тарих факультеті, 4-үй, Университет көш., 100174 Ташкент, Өзбекстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор
<https://orcid.org/0000-0002-8827-6583>. E-mail: kamola_nuz@rambler.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Мұхатова О.Х., Қайпабаева А.Т., Саипова К.Д., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы панасыз балалар тарихын зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелері көрсетіледі. Ұрпақ тәрбиесіне көлеңке түсіріп, қоғамда жат, қылмысты әрекеттерге жол ашқан балалар панасыздығы тарихын зерделеу оның негізгі ұғымдарын айқындауды талап етеді. Балалар панасыздығы ұғымының мәнін ашу оны өзгерту турасындағы көқарастардың қисынсыз екендігін дәлелдеуге жол ашады. Панасыз балалар тарихын кезендерге бөлу және әрқайсысының ерекшеліктерін айқындау оның өткенін шынайы әрі терең зерделеуге мүмкіндік береді. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – балалар панасыздығы ұғымының қалыптасуын талдау; ұғымды қайта қарау және оның мәні мен мазмұнын нақтылау; панасыз балаларға берілген анықтамаларды салыстыру; панасыз балалардың пайда болуы және олармен күрес кезендерін анықтау; балалар панасыздығын зерттеудің негізгі бағыттарын көрсету. *Нәтижелер.* Мақалада көптеген тарихнамалық деректерді талдау және түрлі көқарастар бойынша балалар панасыздығының анықтамасы қарастырылды. Панасыз балаларды тудырған факторлар талданды. Панасыз балаларға өз кезегінде берілген жағымсыз сипаттамалар көрсетілді. Балалар панасыздығымен күрес, қараусыз қалған балдырғандары қорғау мәселелері баяндалды. Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы балалар панасыздығы тарихын шартты түрде екі кезеңге бөліп зерттеу қажеттілігі негізделді. Панасыз балалар тарихын зерттеудегі ғылыми ұстанымдар туралы

айтылды. *Қорытынды.* Балалар панасыздығының тарихын зерделеу арқылы өткенді жаңғыртуға және ұрпақ тәрбиесінің өткір тұстарына назар аударуға ұмтылдырады. Қоғамның әлеуметтік «дерті» саналған балалар панасыздығын зерттеуде әлі де бірқатар проблемалардың бар екендігі байқалады. Сол түйткілдерді пәнаралық байланыста зерделеудің маңызы зор. Мұның өзі 1920–1930 жылдарда қоғамды аландатқан панасыз балалар тарихын жаңа қырынан зерттеуге мүмкіндік туғызады.

Түйін сөздер: Қазақстан, балалар панасыздығы, тарих, 1920–1930 жылдар, теориялық мәселелер, методологиялық ұстаным, кезең, саты.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «1920–1930 жж. Қазақстан аумағындағы және онымен шектес елдердегі балалар панасыздығы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды [жеке тіркеу нөмірі: АР 23488331].

Дәйексөз үшін: . Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы панасыз балалар тарихын зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелері // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 353-366-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_353-366

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-1930-х ГОДАХ

Оразгуль Хасеновна Мухатова¹, Қаипбаева Айнагуль Толғанбаевна^{2}, Саипова Камола Давлетияровна³*

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)
доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник.
<https://orcid.org/0000-0002-3387-624X>. E-mail: aina_78@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека
(Исторический факультет, д. 4, ул. Университетская, 100174 Ташкент, Узбекистан)
Доктор исторических наук, профессор
<https://orcid.org/0000-0002-8827-6583>. E-mail: kamola_nuz@rambler.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Мухатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье анализируются теоретические и методологические проблемы изучения истории детской беспризорности в Казахстане в 1920–1930-е годы. Явление детской беспризорности, негативно отразившееся на системе воспитания подрастающего поколения и способствовавшее распространению асоциальных и преступных форм поведения в обществе, требует при его исследовании чёткого понятийно-категориального аппарата. Раскрытие сущности понятия «детская беспризорность» позволяет обосновать несостоятельность подходов, предполагающих его произвольную трансформацию. Периодизация истории детской беспризорности и выявление специфики каждого этапа создают предпосылки для более глубокого и объективного осмысления данного исторического феномена. *Цель и задачи исследования* заключаются в анализе процесса формирования понятия детской беспризорности; пересмотре и уточнении его сущности и содержания; сравнительном анализе определений, применявшихся в отношении беспризорных детей; выявлении этапов возникновения детской беспризорности и мер борьбы с ней; определении основных направлений её научного изучения. *Результаты.* На основе анализа широкого круга историографических источников и существующих научных концепций в статье рассматриваются различные трактовки понятия детской беспризорности. Проанализированы социально-экономические, политические и демографические факторы, обусловившие появление массовой

беспризорности детей. Показаны негативные социальные и моральные характеристики, которые приписывались беспризорным детям в исследуемый период. Освещаются меры по борьбе с детской беспризорностью и вопросы социальной защиты детей, оставшихся без попечения. Обоснована целесообразность условного деления истории детской беспризорности в Казахстане в 1920–1930-е годы на два этапа. Рассмотрены основные научно-методологические подходы к изучению истории детской беспризорности. *Заключение.* Изучение истории детской беспризорности способствует реконструкции социального прошлого и акцентирует внимание на острых проблемах воспитания подрастающего поколения. Вместе с тем констатируется, что исследование детской беспризорности, рассматривавшейся как социальная «патология» общества, до настоящего времени остаётся недостаточно разработанным и сохраняет ряд дискуссионных и нерешённых проблем. В этой связи особую значимость приобретает их осмысление в рамках междисциплинарного подхода, что открывает новые возможности для всестороннего и углублённого изучения истории детской беспризорности в Казахстане в 1920–1930-е годы.

Ключевые слова: Казахстан, детская беспризорность, история, 1920–1930-е годы, теоретические проблемы, методологические подходы, период, этап.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Проблема детской беспризорности на территории Казахстана и сопредельных стран в 1920–1930 годы» [регистрационный номер: АР 23488331].

Для цитирования: Мухатова О.Х., Каипбаева А.Т., Саипова К.Д. Теоретические и методологические проблемы изучения истории беспризорных детей в Казахстане в 1920-1930-х годах // Отан тарихы. 2026. Т. 29. №.1. С. 353–366. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_353-366

THE ORETICAL AND METHODOLOGICAL PROBLEMS OF STUDYING THE HISTORY OF STREET CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S AND 1930S

Orazgul Kh. Mukhatova¹, Kaipbayeva Ainagul T.^{2*}, Kamola D. Saipova³

¹Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
(8, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher
<https://orcid.org/0000-0002-3387-624X>. E-mail: aina__78@mail.ru

*Correspondent author

³National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek
(Faculty of History, 4, University Str., 100174 Tashkent, Republic of Uzbekistan)
Doctor of Historical Sciences, Professor
<https://ocrid.org/0000-0002-8827-6583>. E-mail: kamola_nuz@rambler.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Mukhatova O. Kh. Kaipbayeva A.T., Saipova K.D., 2026

Abstract. Introduction. The article examines the theoretical and methodological issues involved in studying the history of homeless children in Kazakhstan during the 1920s–1930s. The study of the history of child homelessness—which cast a shadow over the upbringing of generations and created conditions for deviant and criminal behavior in society—requires a clear definition of its core concepts. Revealing the essence of the concept of child homelessness makes it possible to demonstrate the inconsistency of views aimed at redefining it. Periodizing the history of homeless children and identifying the specific features of each stage allows for a more objective and in-depth understanding of its past. *The purpose and objectives* of the study are to analyze the formation of the concept of child homelessness; to reconsider the concept and clarify its

meaning and content; to compare definitions given to homeless children; to identify the stages of the emergence of homeless children and efforts to combat this phenomenon; and to outline the main directions in the study of child homelessness. *Results.* Based on the analysis of numerous historiographical sources and various scholarly perspectives, the article examines definitions of child homelessness. The factors that led to the emergence of homeless children are analyzed, and the negative characterizations attributed to homeless children at different times are identified. Issues related to combating child homelessness and protecting neglected children are discussed. The necessity of conditionally dividing the history of child homelessness in Kazakhstan during the 1920s–1930s into two periods is substantiated. The article also addresses scholarly approaches to the study of the history of homeless children. *Conclusion.* The study of the history of child homelessness encourages the reconstruction of the past and draws attention to critical aspects of child upbringing. However, a number of unresolved problems remain in the study of child homelessness, which has been regarded as a social “disease” of society. The importance of examining these issues through an interdisciplinary approach is emphasized. This, in turn, makes it possible to explore the history of homeless children—a phenomenon that deeply troubled society in the 1920s–1930s—from new perspectives.

Keywords: Kazakhstan, child homelessness, history, 1920–1930s, theoretical issues, methodological approach, period, stage

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “The problem of child homelessness in Kazakhstan and neighboring countries in the 1920–1930s”. Registration number: AP23488331].

For citation: Mukhatova O. Kh. Kaipbayeva A.T., Saipova K.D. Theoretical and methodological problems of studying the history of street children in Kazakhstan in the 1920s and 1930s // *Otan Tarihy.* 2026. Vol. 29. №.1. Pp. 353–366. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_353-366

Кіріспе. Қазақстандық қоғамнан ресми мәліметтер бойынша 1920–1930 жылдары панасыз балалар орын алды. Осы кезеңдегі партияның, советтердің қаулы-қараларында панасыз балалар, «әлеуметтік дертті» жою шаралары көрсетілді. 1930 жылдардың соңында Совет Одағында «бұл мәселе өзінің шешімін тапты, панасыз балалар жойылды» деген ақпарат таратылды [архив]. Алайда балалар панасыздығы түбегейлі жойылып кеткен жоқ, панасыздар бірте-бірте азайды. Ғылымда билікті мадақтау, орын алған оқиғалардың ақиқатын жасыру, олардың өткір тұстарын айналып өтіп, тек күнгей жақтарын көрсету «дәстүрге» айналған кезеңдерде балалар панасыздығы советтік білім беру жүйесі, жетім балалар үйлерінің құрылуы, олардың қызметінің тарихының көлеңкесінде қалып қалды. Архив құжаттарының қолжетімсіздігі, өңі айналдырып, шындығы жасырылған мәселелерді жаттанды сызба, жадағай мысалдар арқылы зерттеу балалар панасыздығы тарихын назардан тыс қалдырды. Ана мен баланы қорғау, жетім балалар үйлеріндегі тәрбие бойынша бірлі-жарым еңбектер жарық көргенімен тақырып өз алдына жеке дара зерттеу нысанына айнала қоймады.

Елді басқару тізгіні өз қолымызға тиген уақыттарда панасыздық түйткілі көтеріле бастағанымен ол отандық тарихнамада 1921–1923, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннің астарында көрініс тапты. Бұрын-соңды зерделеуге тиым салынған алапат аштық, КАРЛАГ, АЛЖИР-дегі тұтқын балалардың жантүршігерлік қасіреті мен тағдыры жөнінде еңбектер жарық көрді. Мұндай мазмұндағы зерттеулерде панасыздық мәселесі Қазақстандағы 1930-жылдардағы әлеуметтік-саяси мәселелермен өзара сабақтастықта қарастырылғандықтан панасыздық кешенді зерделенбеді. Соңғы жылдары жиі жарияланып жатқан архив құжаттары мен материалдары жинақтарының қатарынан балалар панасыздығы тарихы бойынша топтама көрінбейді.

Заманауи ғылымдағы пәнаралық зерттеулер тұрғысынан тарих өткеннің тәжірибесі мен сабағынан тұратын қоғамдық-саяси және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Кез-келген тарихи үдерістің өзіндік ерекшеліктерін, оны тудырған себептерін терең түсіну қажет. Тарихи үдерісті дәл сол күйінде қайта жаңғырту мүмкін болмаса да оның шынайы сұлбасын қалпына келтіру мемлекет пен ғылым үшін маңызды. Тарихты жаңғырту арқылы өткеннен сабақ алу, болашақ даму үшін оған құрметпен қарау дәстүрін қалыптастыру қажет. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2022 жылғы 16 маусымда Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында «халқымыздың сана-сезімінің, құндылықтарының түбегейлі жаңаруы керектігін» ерекше атап өтті [Тоқаев, 2022]. Бұл Отан тарихын, соның ішінде ондаған жылдар бойы назардан тыс қалған панасыз балалар тарихын жаңа тарихи таным тұрғысынан зерттелуге тиіс дегенді білдіреді. Сонымен қатар кез-келген тарихи оқиғаға байланысты туындаған ұғымдарды назардан тыс қалдырмаған абзал.

Бұл түйіткіл ХХ ғасырдың 20–30 жылдары қоғамның жазылмас дертіне айналған балалар панасыздығына да қатысты. Осы тұрғыдан келгенде зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. Зерттеудің деректік базасын бірқатар тарихи деректер құрайды. Оларды түрлік сыныптауға сәйкес архив қорлары немесе көптомдық басылымдарда жарияланған нормативті-құқықтық құжаттар; панасыздармен күрес әдістері туралы СССР және СССР Ішкі істер халық комиссариатының бұйрықтары; партияның съездері мен конференцияларының материалдары, қаулы-қарарлары; коммунистік мен совет мемлекеті басшыларының [В.И. Лениннің, И.В. Сталиннің, Н.К. Крупскаяның, Ф.Э. Дзержинскийдің, А.В. Луначарскийдің және т.б.] еңбектері; жергілікті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың іс қағаздық құжаттары; статистикалық мәліметтер деп алты топқа жіктеуге болады. Зерттеуде солардың ішінде 1926 жылдың наурызында қабылданған панасыздықпен күрес туралы ереже, 1935 жылдың 31 мамырындағы ВК[б]П және СССР ХКС қабылдаған қаулы, В.И. Ленин атындағы панасыз балаларға көмек көрсету қорының ұйымдастырылуы мен басқарылуы бойынша заңнамалық және нұсқаулық материалдар жинағы [Сборник, 1936] [Сборник законодательного и руководящего материала по вопросам организации распоряжению фондом имени В.И. Ленина для помощи беспризорным детям] қолданылды.

«Народное просвещение», «На путях к новой школе», «Народный учитель», «Детский дом», «Беспризорник» мерзімді басылымдарының материалдары терең зерттеу жүргізуге септесті.

Тақырыпты зерделеуде ғалымдар Т. Омарбековтың [Омарбеков, 2002] және Х. Әбжанов [Әбжанов, 2014] ұсынған Қазақстан тарихын кезеңдеу тұжырымдамалары қолданылды. З. Алдамжардың Қазақстан тарихын зерттеудегі шынайылық қағидасы басшылыққа алынды. Осы қағиданы ұсынған тарихшы-ғалымның «Совет дәуірінде қол жеткен жетістіктер мен табыстарды жоққа шығарудан аулақпыз. Өйткені ол – біздің халқымыздың жетіс жылдан артық өткен тарихы. Олардың бастарынан өткізген қуаныштары мен қасірет шеккен кездері. Оны енді өз қалауымызша, заман ағымына бейімдеп, өндеп, не жақсылап қарап айтар жағдайымыз жоқ» деген пікіріне мән берілді [Алдамжар, 2002: 10]. Себебі өткенді ой зердесінен өткізуде қателіктерге бой алдырмас үшін тарихқа қазіргі заманның биігінен емес сол кезеңнің көзқарасымен қарау қажет.

1920–1930 жылдардағы Қазақстан және онымен іргелес елдердегі балалар панасыздығы мәселелерін зерделеуде ұлттық мүдде ұстанымы қолданылды.

Көрсетілген тұжырымдамалар мен ұстаным тарихилық қағидасымен сабақтаса қолданылды. Тарихилық Қазақстандағы панасыз балалар тарихын кезеңдерге бөлуде оның критерийлерін айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар жүйелеу, талдау, қорыту, баяндау тәрізді тарихи зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау. Балалар панасыздығы мәселелеріне арналған ең алғашқы еңбектер 1920 жылдары пайда болды. Еңбектерде панасыз балалардың пайда болуы, жағдайы, саны, оларды қорғау, тәрбиелеу тәрізді түйіткілдер көтерілді. Мәселен, Е.Д. Кускова Ресейде балаларға көмек қоғамдық ұйымының жетекшісі [балаларды құтқару лигасы – Лига спасения детей] ретінде еңбектер жазды. Ол панасыз, жетім балалардың күнделікті өмірін жан-жақты сипаттады. Осы кезде «көше панасыздары» деген ұғым қалыптасты. Бұл қаладағы панасыздар дегенді білдірді. Е.Д. Кускова панасыздарды әлеуметтік қорғау мәселесін көтерді. В.М. Зензинов, А.В. Макленцов, С.С. Маслов, Б. Соколов, И.Р. Зезина және т.б. Ресейдегі азамат соғысы жылдарында және одан кейінгі уақыттағы балалардың ауыр жағдайын сипаттады. Н.В. Мананникова 1920 жылдардың соңындағы Қазақстандағы балалар үйіне қатысты статистикалық мәліметтердің негізінде балалар үйінің арқасында жан сақтаған панасыздар тағдырына қатысты сыңаржақ, жағымды тұжырымдар жасады [Мұхатова, 2025]. 1920 жылдардағы жарияланымдардың құндылығы сонда, олар панасыз балаларға толған елдегі ахуалды шынайы түрде көрсете білді. Сондай-ақ одан шығудың жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеді. Олар кең ауқымды деректерге сүйенді.

1940–1980 жылдары «панасыздардың жойылуына» байланысты мәселе арнайы зерттелмеді. Ана мен баланы қорғау, жетімдер үйі, олардың жұмысы анағұрлым өзекті болды. Осыған орай А.Б. Бисенова зерттеуінде ана мен баланы қорғау мәселелерін қарастыруға басымдық берген [Бисенова, 1960]. Ф.Н. Базанова балалар үйінің құрылуына алып келген әлеуметтік-саяси үдерістердің шынайы мәнін ашпай, жетім, панасыз балалар қатарының көбейгендігін, мемлекеттің оларды қамқорлығына алуда прогрессивтік рөл атқарғандығына баса назар аударды [Базанова, 1987]. Д. Қызаева мен Ж. Жалиева қырғыз еліндегі панасыз балалар тарихын баяндады [Қызаева, 1990]. 1940–1980 жылдардағы еңбектер панасыздықты біржақты, яғни тек мемлекет пен қоғамның жетім

балаларға көмегін ғана көрсетті. Осылайша, мәселе білім беру жүйесі, жетім балалар үйлері тарихының көлеңкесінде қалып келді.

Тәуелсіздік жылдары Г.Б. Сүгірәлімова панасыз балалар мәселесін шешумен айналысқан мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың қызметін тұңғыш рет әрі кешенді түрде талдауға талпынды [Сүгірәлімова, 2006]. З.Ф. Сақтағанова және Г.Б. Қарсақова Ақмола губерниясындағы аштық жылдарындағы балалардың жағдайын зерделеді [Сақтағанова, 2017]. М.П. Малышева мен В.С. Познанскийдің зерттеуінен 1931–1933 жылдардағы ашаршылықта Батыс Сібірге босып кеткен қазақ балаларының тағдыры көрініс тапты [Малышева, 1999]. Г.К. Кемелжанова Қазақстанда 1920–1940 жылдарда жетім балалар үйлерінің қалыптасуы және дамуын арнайы зерттеу нысанына айналдырды [Кемелжанова, 2020]. М.М. Қозыбаева мен А.А. Бекенова 1921–1923 жылдарда орын алған аштық кезіндегі панасыз балалардың ахуалын көрсетті [Қозыбаева, 2023]. Д.А. Шаймұханов пен С.Д. Шаймұханованың [Шаймұханов, 1997], С. Ділмановтың [Дильманов, 2002] іргелі зерттеулерінде ГУЛАГ жүйесіндегі еңбекпен түзеу лагеріндегі ата-анасынан қасқана ажыратылған жасөспірімдердің өмірі сипатталды. Тәуелсіздік кезеңінде панасыз балалар туралы зерттеулер қатарының көбегенімен мәселе әрі терең зерделенбей келеді. Ұлт зиялыларының қорғансыздықпен күрестегі ұстанымы мен қызметін, көршілес елдерге босып кеткен балдырғандар мен балақайлардың тағдырын, саяси қуғын-сүргін жылдарындағы қасіретті тіршілігін, қылмысы және оған қарсы күрес назардан тыс қалып келеді.

Шетелдік, соның ішінде ресейлік трихнамада балалар панасыздығы тарихы арнайы зерделенген еңбектер бар. Мәселен, ресейлік зерттеуші А.А. Славко советтік Ресейдегі панасыз балалардың портретін, олармен жұмыс істеген мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың құрылуын және қызметін ашып көрсетті [Славко, 2012]. Т.А. Антонова мен Е.В. Иванов Ресей тарихындағы панасыз балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты, оның бағыттарын зерттеді [Антонова, 2014]. Соңғы жылдары аштық, саяси қуғын-сүргіннің балалар тағдырына әсері көрсетілген зерттеулер дайындалды. Өзбек, қырғыз тарихшылары қазақ балаларының аталған елдерге босып келуі, аш босқындардың ауыр жағдайын қарастырды. Мәселен, Д. Кызаева мен Ж. Жалиева қырғыз еліндегі панасыз балалар тарихын баяндады. Б.С. Сәрсенбаев 1920–1930-жылдардағы қырғыз-қазақ өзара байланыстарын зерделеу ауқымын да қорғансыз балалар тарихына қысқаша тоқталды [Сәрсенбаев, 2013]. Камола Саипова зерттеуінде Қазақстанның аштыққа ұшыраған аудандарынан эвакуацияланған балалар мен өз бетінше ауған қазақтар, панасыз қалған балалар тарихы бойынша мол мәліметтер берді [Саипова, 2021]. Р. Конквест 1930-жылдардағы советтік солақай саясаттың әлеуметтік зардаптарын жаңа қырынан талдап, қорғансыздардың пайда болуы мен көбеюін өткір сынға алған [Конквест, 1988]. С. Кэмерон нәтижесінде өмірге келген балалар үйінің тарихына жан-жақты баға беруге ұмтылған [Кэмерон, 2018]. М.В. Кашыкчи ашаршылықтың балалар тағдырына әсерін кутерлердің естеліктері негізінде көрсетуге тырысты [Кашыкчи, 2020].

Катриона Келли кәмелетке жетпеген панасыздардың құқық бұзу әрекеттерін, олардың өзара сөйлесу мәнерін, яғни тілін зерделеді [Келли, 2007]. «Советтік Ресей балалар панасыздығымен күресте революцияға дейінгі тәжірибені қолданды. Қаңғыбас, бұзақы, қылмыскер балалармен күресте ШХК-ның [НКВД] ықпалы күшті болды» деген тұжырым жасады. Алан М. Болл Советтік Ресейдегі үйі жоқ балалар, миллиондаған жеткіншектердің панасыздарға айналу себептерін, олардың өмірін зерттеді [Болл, 1996]. Панасыздықтың негізгі себептеріне автор соғысты, эпидемия мен аштықты жатқызды. Панасыздар мен тұрғындар арасындағы күрделі өзара қарым-қатынасты көптеген мысалдар арқылы көрсетті. Италияндық психолог әрі тарихшы Лучано Мекаччи советтік Ресейдегі панасыздарды қаңғыбас балалардың балалық шағы ретінде талдады [Мекаччи, 2023]. 1917–1935 жылдардағы құжаттардың негізінде ол панасыз балалардың өмір шындығын ашып берді.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ қоғамының тарихынан панасыз бала деген ұғым кездеспейді. Жесірін қаңғыртып, жетімін жылатпаған дәстүрлі қоғамның осы орайдағы ұстанымы әлемге үлгі боларлық. Қазақтың бала тәрбиесіндегі даналығы көршілес елдерде көрініс таба бермеген. Ата-анасыз қалған балалар туыстарының немесе ауқатты, бай руластарының қамқорлығына беріліп, жетімдікті толық сезінбеді. Дегенмен де жетім балалар қазақ қоғамында мүлде болмады деп айту қиын. Бұған дәлел – М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», С. Дөнентаевтың «Көркемтай», Қ. Кемеңгерұлының «Жетім қыз», «Момынтай» әңгімелеріндегі кейіпкерлер. Бұл әңгімелердің сюжеті шынайы өмірден алынғаны дау тудырмайды.

Панасыз балалар ұғымы және оның анықтамасы ХХ ғасырда қалыптасты. Ресейдің өзінде 1926 жылға дейін панасыздықтың нақты анықтамасы болмады. «Панасыз» деген ұғымның анықтамасы

1926 жылы 8 наурыздағы РСФСР Халық комиссариаты және БОАК-нің қаулысында берілді. Бұл құжат балаларды панасыз және «уақытша немесе жекелей көмекке және тәрбиеге зәру» балалар деп бөлді. Панасыздар деп 16 жасқа толмаған балалар ғана мойындалды. Соның ішінде а) өзіне қамқор болатын ата-анасы, ер жеткен бауырлары, әкелері жоқтар; б) ата-анасымен және туысқандарымен байланысын жоғалтқандар; в) соттың немесе кәмелетке толмағандардың ісі бойынша комиссияның қаулысымен отбасынан ажыратылғандар; г) тастандылар [Сактаганова, 2017: 5]. Осылайша тұрақты мекен-жайы, ата-анасы, кәсібі жоқ, отбасынан айрылған, тәрбие мекемелерінен қашып кетіп, көше кезген, отбасылық немесе мемлекеттің қарауынан тыс қалған бала панасыз деп түсіндірілді. 1920–1930 жылдары балалар панасыздығына көшеде қалған, ата-анасынан алшақтаған немесе олардың қамқорлығынан мүлдем айырылған, баспанасыз кәмелетке толмаған бала деген анықтама берілді [Войткевич, 2012]. Осы кезеңде қоғамда балалар панасыздығы анықтамасынан гөрі оны туырған себептер жөнінде қызу пікір-талас орын алды. Мәселен, Э. Лившиц 1925 жылы «панасыздық «капиталистік қоғамның сөзсіз серігі» дей келе, кеңес мемлекетіндегі панасыздықты өнеркәсіптің баяу дамуы, жоқшылық, аштық пен соғыс тудырды», – деп түсіндірді [Лившиц, 1925]. Э. Лившицтің көзқарасын қолдай отырып, В. Н. Шульгин баспанасыздық тек соғыс пен аштықтың нәтижесі деп сенген авторларды да сынға алады. Оның пайымдауынша, балалар панасыздығы – соғыс пен аштықтың салдары, сондықтан да панасыздықты тудыратын себептермен емес, оның өзімен үнемі күресу» деген қорытындыға келді [Лившиц, 1925: 5]. Н.К. Крупскаяның панасыз балаларды моральдық кемістігі барлар деп атап, қазан революциясы «ескі, ескірген және тозған тәртіптің, ескі байланыстардың, ескі отбасылық қарым-қатынастардың, ескі әлеуметтік қарым-қатынастардың жойылуын білдіреді, бұл да баспанасыздықтың себебі болып табылады», – деп жазды [Крупская, 1923].

Берілген анықтаманың мәнін аша келе, «Панасыз» ұғымы қараусыз, қорғансыз дегенге саяды. XX ғасырдың 70 жылдары, XXI ғасырдың бас кезінде жарық көрген іргелі анықтамалықтар мен энциклопедияларда балалар панасыздығы ұғымы айтарлықтай жетілдірілді. Мәселен, «Қазақ совет энциклопедиясындағы» пана ұғымына берілген анықтамаға назар аударсақ, онды былай делінген: пана – үлкен адамдардың жастарға, жетім-жесірлерге тірек, сүйеніш, қамқоршы болуы [Қазақ совет энциклопедиясы, 1976: 116]. Анықтамадан көрінетіндей, пана деген ұғым ересектердің балаларға, жетімдерге қамқорлық жасауын білдіреді. Панасыздық қамқорлықтан, сүйеніші мен тірегінен айырылу дегенді білдіреді. 1970–1980 жылдардағы өзбек кеңестік энциклопедиялық басылымдары мен терминологиялық жинақтарда панасыз ұғымы «бепанох балалар» [дети без покровительства] және «қараусыз балалар» [дети без надзора] категориялары арқылы берілді. Ұғымның мәні панасыздар ол – әлеуметтік және тәрбиелік қамқорлықсыз қалған балалар [ҰСЭ, 1974: 214–215].

Панасыздық, жетімдер үйлеріндегі тентек балаларды тәрбиелеу мәселелерімен педагогика мамандары айналысты. Сол себепті педагогика саласы бойынша дайындалған орысша-қазақша түсіндірме сөздікте панасыз балаларға мынадай анықтама берілген: «Панасыз балалар – ата-ана немесе мемлекет қамқорлығынсыз, тұрақты мекен-жайы, жасына сәйкес шұғылданатын позитивті ісі болмаған, қажетті күтім, тәрбиеден айрылған, жүйелі оқуы жоқ балалар» [Орысша-қазақша түсіндірме сөздік, 2006: 46]. Бұл анықтама панасыздық, соның ішінде балалар панасыздығының мәнін толық ашады. Панасыздық тек баспанадан айырылу ғана емес, ол ата-ана, мемлекет қамқорлығынан тыс, басқаша айтқанда көшеде қараусыз, қорғансыз тентіреп қалу, қамқорлықтан жұрдай болу дегенді білдіреді. Педагогика ғылымы панасыз балаларға қоса балалар панасыздығының мәні мен мағынасын ашып берді. Оған дәлел мына анықтама: «Балалардың панасыздығы – ата-анасын жоғалту, отбасынан кету, тәрбие мекемесінен қашу немесе апаттардың бірі – соғыс, аштық, жұмыссыздық, эпидемия, ата-аналардың аса мұқтаждығы нәтижесінде балалар мен жеткіншектерге тұрақты мекен жайының, отбасылық немесе мемлекеттік қамқордың, педагогикалық бақылау мен жүйелі тәрбиелік ықпалдың жоқтығынан көрінетін әлеуметтік құбылыс» [Орысша-қазақша түсіндірме сөздік, 2006: 46]. Дәл осындай анықтаманы Өзбекстан педагогтары да берген [ПТЛ, 1983, 1983: 52–53.]. Анықтамадан көрінетіндей, балалар панасыздығы бұл – әлеуметтік құбылыс. Мұндай құбылыс түрлі әлеуметтік апаттардың барысында баланың ата-анасының ғана емес мемлекет қамқорлығынан айырылу нәтижесінде туындайды. Осыған ұқсас анықтама үлкен ресейлік энциклопедияда берілген. Онда «балалар панасыздығы кәмелетке толмаған ата-анасынан айырылған және тұрақты мекен-жайы жоқ баланың мәртебесі» делінген [Большая российская энциклопедия, 2016: 417]. Өзбек тарихшылары мен педагогтары панасыздықты уақытша әлеуметтік ауытқу десе, Ресей зерттеушілері панасыздықты әлеуметтік құбылыс деп санайды. Ресейліктердің пікірінше, панасыздықты әлеуметтік құбылыс деп

санайды. Олардың пікірінше, панасыздық тарихи-саяси апаттармен, солармен қатар жүретін қоғамдық катаклизмдармен, әлеуметтік тұрақсыздықпен тығыз байланысты [Антонова, 2014: 72]. Барлық анықтамалардан көрінетіні, ол – балалар панасыздығының әлеуметтік құбылыс ретінде саналуы.

Анықтамалардың бәрінен балалар панасыздығының қалыптасуының басты себебі жеткіншектердің тек тұрақты мекен-жайынан ғана емес бүтіндей қамқорлықтан айырылуы екендігін байқауға болады. Мұның өзі панасыз ұғымының астарында қамқорлықсыз, қорғансыз деген мағыналарының жатқанын байқау қиын емес. Ендеше панасыз ұғымы ұғымы қамқорлықсыз, қорғансыз, қараусыз дегендерден анағұрлым кең, яғни панасыздық тұрақты тұратын жерінің жоқтығымен қоса тұлдыр жетімдікті, отбасының, мемлекеттің қорғауынан тыс қалуды білдіреді. Бұл панасыз бала ұғымын педагогика ғылымының дәл бергендігін дәйектейді. Мұның өзі панасыз балалар деген ұғымды тарих ғылымында да бекіту қажет дегенді білдіреді. Айтылғандардан шыға отырып, мына төмендегі анықтаманы ұсынамыз: Балалардың панасыздығы – жеткіншектің ата-анасынан, отбасынан, ашаршылық, соғыс, эпидемия және т.б. жағдайларда отбасының, мемлекеттің қамқорлығынан айырылуы, қараусыз өзбетінше тіршілік етуінен туындайтын әлеуметтік құбылыс.

Ендігі кезекте балалар панасыздығының пайда болуы тарихына көз жүгіртейік. Осы орайда панасыздық советтік биліктің жемісі десек артық айтқандық емес. Ресейдегі қазан революциясының жеңісі, өлкеде совет өкіметінің орнатылуы, ұзақ уақытқа созылған азамат соғысы, елдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай, отбасының ыдырауы және мектептердің дұрыс ұйымдастырылмауы Қазақстанда балалар панасыздығын тудырды. Балалар панасыздығын тудырған ең үлкен жағымсыз фактор – Қазақстанда 1921–1923. 1931–1933 жылдарда орын алған аштық, зұлмат. Осы жылдары мыңдаған бала панасыздарға айналып, олар үйсіз, күйсіз, аш, жалаңаш, көшеде қалды [АқМА. 174-қ. 15-т. 73-іс. 62-п.] Мұндай балалардың жағдайы аянышты, тағдырлары бұлыңғыр еді. Осылайша елде шешімі шұғыл түрде шешілуі тиіс проблема пайда болды.

Панасыздықтың пайда болуы елдің ең маңызды мүддесі мен болашағына қауіп төндіретін қылмыстың тез және үздіксіз өсуіне әкелді, өйткені қараусыз қалған балалар ұрлық, тонау, алаяқтық жасау және т. б. жат әрекеттерге барды [АқМА. 174-қ. 15-т. 39-іс. 7-9-п.] Қылмыстың толқыны шарпыған панасыздарды түрлі орындар [базарлар, құмар ойын ойнайтын жерлер, жезөкшелер үйі] дұрыс өмір сүру бағытынан кері бұрды. Үлкендер панасыздарды өз мүдделерінде пайдаланды.

Панасыздық мемлекетке қауіп төндірді, өйткені ол қоғамға жат әлеуметтік құбылыс болды. Совет өкіметінің ұстанымынша, елдің экономикасы мен моральдық өмірін қалпына келтіру жүйесіне нұсқан келтірді. Панасыздық мемлекеттің санитарлық әл-ауқатына үшін де қауіпті еді, өйткені аш, жалаңаш панасыз балалар ауруды оңай жұқтыру және түрлі науқастарды тасымалдаушыларға айналды. Панасыздық қалыпты жағдайдағы балаларға да ықпал етті. Салдарынан олар да панасыздардың қатарын толықтырды. Елде қаңғыбас, ұрлықшы, қайыршы, жезөкше және т.б. балалардың қатары көбейді. Сондықтан да совет өкіметі панасыздыққа қарсы күресіп, олардың дұрыс жолға түсуіне көмектесу міндетін қойды. Қараусыз қалған балаларға алғашқы әлеуметтік көмек көрсетуде партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары бақылау-тарату пункттерін жабдықтау, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі облыстық комиссияларды ұйымдастыру, тәрбиешілер, әлеуметтік инспекторларды дайындау, медициналық-педагогикалық, әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы мекемелерді құру мәселелерін қолға алды.

Панасыз балалар моральдық кемістігі барлар деп есептелгендіктен қоғам оларға солай қарады [ӨзРҰА. 34-қ. 1-т. 2471-іс. 65–67-пп.]. Қорғансыз, қамқорсыз балалар қоғамдық өмірден толығымен оқшауланды. Осыған орай қоғамдағы жат құбылысты жою мақсатында Орталық атқару комитеттері жанынан Балалар комиссиясы құрылды. Панасыздарға қамқорлық жасау үшін арнайы мекемелер құрылды. Үш типтегі мектеп–коммуналар ұйымдастырылды. Бірінші типтегі коммуналарға ерік-жігерінің тұрақсыздығы, жалқаулық, алаяқтық, кездейсоқ ұрлық жасау тәрізді жеңіл дәрежелі кемістігі балалар орналастырылды. Екінші типтегі коммуналарға қылмыс әлеміне тартылған және ұрлықпен айналысқан кемістіктің орташа дәрежесіндегі қорғансыз балалар енгізілді. Үшінші типке мектептерге ауыр дәрежедегі құқық бұзушылар, нағыз қылмыскерлер жатқызылды [АқМА. 174-қ. 15-т. 39-іс. 1а-3-п.]. Мектеп–коммуналар панасыздықты жоя алмады. Елдегі 1921–1923 жылдардағы аштық қорғансыз балалардың санын күрт арттырды. Ресми деректерге сәйкес осы кезде 1921 жылдың 1 желтоқсанында ҚАССР-нда 128 000 қорғансыз бала болса, сол жылдың 31 желтоқсанында олардың саны 158 000-ге жеткен, 1922 жылдың қаңтар айында 333 043 балаға көбейген [Сактаганова, 2017]. Тіркемей, көшелерде қалып, аштан өлгендері туралы мәліметтер әзірше кездеспейді. Панасыздар

жетім балалар үйлеріне, қабылдау пункттеріне орналастырылып, біршама жағдай жасалды. Дегенмен аштық жылдары панасыздардың барлығы дерлік бірдей балалар үйінің арқасында жан сақтамады, олардың тағдыры совет үкіметінің көмегімен оң шешімін тауып, жағымды сипат алмағаны да ақиқат. Балаларды аштықтан аман алып қалу үшін 1921 жылы Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті жанынан балалардың өмірін жақсарту және панасыздықпен күрес бойынша арнайы комиссия құрылды. Мұндай комиссия барлық республикаларда жұмыс істеді. Осы кезде Қазақстанда ана мен баланы қорғау мекемелері пайда болды [Бисенова, 1965: 208]. 1920 жылдардың екінші жартысында панасыздықпен күрес бағыты анықталып, қорғансыз балаларды әлеуметтендіру бойынша жүргізілген шаралар өз нәтижелерін көрсете бастаған тұста бұл әлеуметтік мәселе қайта күрделенді. Оған бірден-бір себепкер 1931–1933 жылдардағы зұлмат болды. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру мен көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарды отырықшыландыру барысындағы солақай саясаттың салдарынан туындаған ашаршылық панасыз балдырғандардың санын арттырып қана қоймай оларды Қазақстаннан тыс аймақтарға босып кетуге мәжбүр етті. Аштық пен босқыншылық талай жеткіншектің өмірін қиды. Балалар аш адамдардың жемтігіне айналды. Балаларды, әсіресе қыз балаларды азық-түлікке айырбастау, жол бойында қалдырып кету, сойып жеу, жетімдер үйлеріне, интернаттарға өткізу, сондай мекемелерде жаппай аштан қырылу тәрізді оқиғалардың орын алғандығын тарихи деректер, соның ішінде ашаршылық куәгерлері және солардың ұрпақтарының естеліктері дәлелдейді. Пансыз балалардың біразына жетімдер үйі пана болды. Бірқатары туған жерден алыс өңірлерде қалып қалды. Советтер еліндегі жаппай саяси қуғын-сүргін де қорғансыз балалардың қатарын арттырды.

КСРО Халық комиссариаты және ВКП[б] Орталық Комитеті «Балалар панасыздығын және бақылаусыздығын жою туралы» қаулы қабылдады [АқМА. 174-қ. 15-т. 39-іс. 1а-3-п.]. Большевиктік биліктің орнауы және оның саяси, экономикалық және әлеуметтік түбегейлі қайта құрулары тудырған балалар панасыздығын қоғамда етек жайған құбылысқа айналғандықтан онымен күресті алдыңғы кезекке қойды. Тарихшы-зерттеушілердің пікірінше, бұл құжат 1920–1930 жылдары советтік қоғамның дертіне айналған панасыздықпен күресті аяқтады. Мамандардың айтуынша, КСРО-да жетім балаларды әлеуметтендіру бойынша шаралар кеңестік билік органдары балалар панасыздығын біржола жоймаса да олардың қатарын азатты. Атқарылған жұмыстар жүздеген мың балалардың білім алып, қоғамның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік берді. Кәмелетке толмағандарды қабылдау пункттері, жетім балалар үйлері, мектеп-интернаттар құрылды.

Осыған орай Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы балалар панасыздығы тарихын шартты түрде екі кезеңге бөліп зерделеуге болады. 1920 жылдарды қамтыған бірінші кезеңнің өзін екі сатыдан тұрады. Алғашқы саты 1920 жылдардың бірінші жартысын, екіншісі сол жылдардың екінші жартысын қамтиды. Бірінші сатының ерекшелігі сонда, осы уақыт кесіндісінде Қазақстанда панасыз балалар пайда болды. Олардың қалыптасуына жоғарыда атап өтілгендей, 1917–1920 жылдардағы совет өкіметінің орнатылуымен қатар орын алған үдерістер және 1921–1923 жылдардағы ашаршылық ықпал етті. Панасыздар аштан қырылды, жұқпалы індеттің құрбандарына айналды, қылмыс әлеміне кірді. Қоғамда аш-жалаңаш, қорғансыз қалған, халдері мүшкіл балалардың көбеюі совет өкіметін ана мен баланы қорғау мәселесін күн тәртібіне шығаруға мәжбүрледі. Шынайы өмірде қорғансыз балалар нағыз қылмыскерлерге айналып, қоғамға үлкен қауіп төндірді. Сол себепті панасыз балаларды тәрбиелеу, мемлекет қамқорлығына алу, арнайы білім беретін, еңбекке баулитын мекемелер құру ауадай қажет болды. 1920 жылы билік панасыз балаларды көшелерден жинап, «адамгершілік жағынан кеміс балаларға арналған» арнайы оқу колонияларына орналастыру туралы шешім қабылдады [ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 289-іс. 83–84-п.]. Ресми әдебиеттерде олар коммуна деп аталды. Коммуналарда панасыздарды еңбек арқылы тәрбиелеумен қатар балаларды мәжбүрлеу және жазалау орын алды. Жазалау, жазадан қорқу ата-анасынан, жақындарынан, қамқорлықтан айырылған баланың санасына құлдық психологияны сіңірді. Панасыз балаларды тәрбиелеуде отбасы мен мектептің, мектепке дейінгі тәрбиенің өзара тығыз байланысын орнатып қана қоймай, бүкіл советтер елінің шаруашылық – мәдени өмірін тұтас өзгерту керек деген ұсыныс айтқандар да кездесті [Иренов, 2011: 81–86]. Алайда билік мұндай пікірлерді қабылдамады, ал олардың авторларын совет өкіметінің жауларының қатарына жатқызды.

Екінші сатыда панасыз балалардың жағдайы алғашқысына ұқсас болды. 1928–1929 жылдары қазақ қорғансыз балалардың саны есебінен күрт өсе бастады. Большевиктердің байлар мен ауқатты шаруалардың мал-мүлкін тәркілеуден басталған солақай саясаты балаларды ата-анасынан айырып қана қоймай, далада қалып, ит-құстың жемтігіне айналдырды. Мұндай қасіретті ресми органдар

«ауылдарда ана мен баланы қорғау бойынша жұмыстың жүргізілмегендігімен» түсіндірді [ҚР ПА. 147-қ. 1-т., 2379-іс. 34–35-пп.]. Дәстүрлі шаруашылықтың іргесін сөккен реформаның салдарынан мыңдаған балалар қорғансыздарға айналды. Осы кезде қалаларда, темір жол станцияларында қорғансыз қазақ балалары көбейіп, елдің әлеуметтік жағдайында алаңдаушылық ахуал тудырды. Жас совет мемлекеті панасыз балалардың жағдайын өзгертуге бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырды, алайда олар ахуалды түбегейлі шешуге жеткіліксіз еді.

Көрсетілген уақыттағы панасыз балалар тарихының екінші кезеңі 1930 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңді де шартты түрде 1930–1934 және 1935–1939 жылдар аралығын қамтитын екі сатыға бөлуге болады. Алғашқы сатысында қорғансыз балалардың қатары 1929–1932 жылдардағы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру мен соның ауқымындағы отырықшыландыру, әсіресе аштық жылдары одан ары арта түсті. Голощекиндік нәубеттен балалар аштық пен жұқпалы аурулардың құрбанына айналды. Аш балалар ата-аналарымен бірге көрші елдерге босып кетті. Көршілерге босқан аштардың легі 1932 жылы қарқынды жүрді. Осы кезде Батыс Сібірге, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытайға қарай ағылған қазақтардың, соның ішінде балалардың қатары көп болды. Аштан бұратылған қазақтар өздерімен бірге жұқпалы індетті де ала келді. Осылардың салдарынан қорғансыз балалар көбейді. Аштық жылдарында қаладағы жағдайға қарағанда ауылдың ахуалы ауыр еді. Аштықты ауылда бастан кешірген балалардың тағдыры аянышты еді. Егер қалалардағы жетімдер үйлерінде балаларға аз да болса нан мен тамақ берілсе, ауылды жерлердегі кейбір үйлерде талғажау етерлік ештеңе болмаған. Соның салдары балалардың жаппай өліміне әкелген.

Қазақстандағы ашаршылық жылдарындағы қорғансыз балалар қатарының көбеюіне Б БК[б]П Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекин назар аударған. 1932 жылдың қыркүйек айында СССР Орталық балалар комиссиясына баяндау хат жазып, республикадағы қорғансыз балалардың статистикасын көрсетті. Хатшының берген мәліметінше, 1932 жылдың 1 қыркүйегінде 43 446 панасыз бала болды [Сүгірәлімова, 2006: 73–74].

Панасыздарды мемлекет пен қоғам өз қамқорлығына алуға ұмтылды. Аштықта жергілікті үкімет өлім-жітім көп болғандықтан ұсақ балаларды балалар үйіне жинады. Жүздеген қорғансыз балалар жетімдер үйлеріне, коммуналарға, қабылдау пункттеріне орналастырылды, олардың материалдық жағдайын жақсарту бағытында іс шаралар жүзеге асырылды. Қорғансыз және қараусыз балаларды аман сақтауға, олардың жағдайын оңалтуға өлкелік балалар комиссиясы өзіндік үлес қосты. Алайда панасыз балалар мәселесі толыққанды шешілмеді. Осы кемшілік 1933 жылдың 22 сәуірінде СССР Орталық балалар комиссиясының төралқасының мәжілісінде жабық түрде қаралды. Мәжіліс қабылдаған қарарда Қазақ Автономиялық республикасында әлі күнге дейін панасыз балалармен күресте түбегейлі бетбұрыстың жоқтығы, балалар жағдайының өте ауыр екендігі бас айтылды. Шындығында барлық жерлерде жағдай және балалардың ауыр ахуалын жақсартуға бағытталған шаралар бірдей жағымды болмады. Аштықтан кейін де көшелерде қалған, қылмыс әлеміне кірген қараусыз балалардың саны азаймады. Республикалық балалар комиссиясының жұмысы мардымды нәтижелер көрсете алмады.

Көрсетілген кезеңнің екінші сатысында СССР-да балалар панасыздығын жоюға бағытталған іс-шаралар атқарылды. Осыған орай СССР Халық комиссар кеңесі және БК[б]П Орталық комитеті 1935 жылы 31 мамырда И. Сталин және Молотов қол қойған «Балалар қорғансыздығын және қараусыздығын жою туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда мемлекеттің балалар мекемелерін қамтамасыз етуге бөлген қаржысына қарамастан қоғамда қорғансыз балалардың орын алуы жергілікті жерлердегі балалар ұйымдарының, партия, кәсіподақ және комсомол комитеттерінің қорғансыздықты жою саласында жұмысты нашар жүргізуімен түсіндірілді. Қалыптасқан ахуалды түзету және балалар панасыздығын жою мақсатында облыстық, қалалық, аудандық советтердің жанынан балалардың қорғансыздығы және қараусыздығымен күрес бойынша секциялар құру міндеттелді [АқМА. 174-қ. 1-т. 39-іс. 1а-3б-п]. Республикада секциялардың жұмыстары қатаң қадағаланды. Олардың атқарған жұмыстарының есептері тыңдалды. Секциялар тексеру жұмыстарын жүргізіп, балалар үйлерінің қызметін жақсартуға көмек көрсетті. Тексеру материалдарының негізінде сәйкесінше шаралар қолданылды. Дегенмен қорғансыз және қараусыз балалар мәселелерін шешуде секциялар тәжірибесінің, білімді, білікті мамандардың жетіспеушілігі мен құрамының аздығы салдарынан үнемі нәтижелі бола бермеді. Секциялар өздерінің жұмысына білім беру, денсаулық, тәртіп сақтау бөлімдерін, баспасөзді, кітапханалар мен мәдениет ошақтарын жұмылдыруға тырысты. 1930-жылдардың екінші жартысында қоғамда қорғансыз балаларға көмек көрсету [шефство] кең тарады.

Қазақстандағы советтік билік орталықтың араласуымен панасыз балалар жағдайын айтарлықтай оңалта алды. Өлкелік партия және атқару комитеті, Ағарту халық комиссариаты қорғансыз балалардың жағдайын жақсартуға ұмтылды. Осы бағытта қазақ өлкелік балалар комиссиясы қыруар жұмыс атқарды. Қорғансыздар тек балалар үйлеріне орналастырылып қана қоймай, олардың материалдық жағдайын жақсарту бағытында іс шаралар жүзеге асырылды. 16 жастан жоғары ересек жасөспірімдерді кәсіптік-техникалық білім беру арнайы оқу орындарында оқытты. Балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан панасыз балалардың жасы жеткендерін шаруалар отбасыларына табыстау ісі де жүйелі жүргізіле бастады. Мұндай шаралардың басты мақсаты балалар панасыздығының алдын алу еді. Сонымен қатар 16 жасқа жеткен балаларды кәсіптік-техникалық бағыттағы білім беру мекемелеріне орналастыру және шаруалар отбасыларына беру арқылы назардан тыс қалған, материалдық мүмкіндіктер рұқсат етпеген панасыз балаларды толыққанды қамту міндеті де жүзеге асты. Мұндай жұмыстарды жүйелі атқару үшін алдымен панасыз балалардың нақты санын дәл анықтау қажет еді. Осы міндетті орындау ісінде Ағарту халық комиссариатының үлкен еңбегі бар екендігі атап өтіледі. 1930 жылдардың ІІ жартысынан бастап Қазақстандағы балалар панасыздығының алдын алу істерінің ерекше белсенді жүруі Т.Қ. Жүргенов есімімен тығыз байланысты. Ағарту халық комиссары ретінде балалар панасыздығына дереу әрі ерекше назар аударудың қажеттілігі анық байқады. Мысалы 1935 жылдары бір ғана Алматы қаласында орналасқан балалар үйіндегі тәрбиеленушілер саны үш мыңға жуықтаған. Алматы қаласы бойынша сол жылдары 16 балалар үйінің болғандығын ескерсек, панасыз балаларды толыққанды қамту мүмкіндігінің шектеулі болғандығына көз жеткізуге болады. Аталған мәселені шешу үшін қала аумағында орналасқан мектептер мен балабақша ғимаратын пайдалану ісі қолға алына бастады. Алматы қаласына жақын орналасқан Қаскелең, Талғар сияқты орталықтардағы балалар үйлерін де панасыздықпен күреске тартты. 1935 жылы Алматы қаласында балалар үйімен қамтылмаған 1500 панасыз балалар тіркелді. Олар негізінен адам көп шоғырланған қоғамдық орындарды паналады. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс көрсеткіштері артты. Мұндай жағымсыз жайттардың барлығы да Ағарту халық комиссариатының тікелей араласуымен өз шешімін таба бастады. Мәселе өз шешімін таба бастағанын біз мынандай шаралардан байқалады:

- Балалар үйіндегі тәрбиеленушілер санын мың баладан асырмау;
- Тәртібі нашар балаларды арнайы мекемелерге орналастыру. Ол үшін қаладан тыс жерде арнайы орталықтар ашу;
- Балалар үйінің жанынан шеберханалар мен мектеп, медициналық көмек орталықтарын ашу;
- Алматы қаласына жақын орталықтардан мың баланы қамти алатын балалар үйін ашу [Есік, Талғар];
- 14 жастан асқан панасыз балаларды жұмысқа тұрғызу;
- Осы мақсатта бір миллионнан астам қаражат қарастыру [АқМА. 174-қ. 15-т. 39-іс. 7-9-п].

Совет Одағында Ұлы Отан соғысының алдындағы уақытта «қорғансыз балалар деп аталған әлеуметтік келеңсіздік жойылды» деген тұжырым жасалды. Алайда мұндай әлеуметтік құбылыс түбегейлі жойылып кетті деу қисынсыз еді. Балалар мекемелерінің әлі де болса шешілуге тиіс түйткілдері болды. Билік қорғансыз жеткіншектерді қырылып кетуден аман сақтаумен, өзінің қамқорлығына алумен бірге олардың бойына советтік идеология мен тәрбиені сіңірді. Қорғансыз балалардың басым көпшілігі советтер елінің отансүйгіш, еңбекқор азаматтары болып қалыптасты. Олар қоғамның түрлі салаларында адал қызмет етті. Қорғансыз балалардың арасынан партия және комсомол қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, еңбек ерлері шықты.

Кез-келген мемлекет дамуына кереғар, жат құбылыстардың салдарымен емес оның пайда болу себептерімен күресу елді ұлы мақсаттарға қаулы-қарар қабылдау арқылы емес, нақты іс-әрекетпен жетуге болатын тағлымын көрсетеді. Тәрбиемен ұштасқан білім берудің, ұрпақ өсірудің, оған қамқорлық жасаудың, соның нәтижесінде ұлтжанды, отансүйгіш, ел басына ауыр күн туғанда халық үшін қызмет ететін адал перзент қалыптастыру тәуелсіздіктің басты идеяларының бірі ретінде ретінде қастерлеуге үйретеді.

Бұл бағыттағы зерттеулер маңызды, өйткені қазіргі аумалы-төкпелі әлемде ата-анасынан айырылған, мектепте білім алуға мүмкіндігі шектеулі, ішер асқа мұқтаж балалар бар. Осы орайда панасыз балалар тарихын талдау жаһандану жағдайында келешек ұрпақ тағдырын адамзат үшін өзекті мәселе ретінде қарауға мүмкіндік тудырады. Дүниежүзі елдерінің болашағы дені сау, тәрбиелі, білімпаз, зияткер, өнерлі ұрпақ өсірумен тығыз байланысты екендігін зерделеуге жетелейді. 1920–1930 жылдардағы балалар панасыздығы тарихын тарихи сананы жетілдіру және өткенді терең білу

тұрғысынан кешенді түрде зерттеу тек ғылым үшін ғана емес, мемлекеттің болашақ дамуы үшін де аса маңызды. Ол үшін панасыз балалардың тағдырын олардың күнделікті өмірін зерттеу арқылы айқындауға болады. Күнделіктілік 1920–1930 жылдардағы Қазақстан және онымен іргелес елдердегі балалар панасыздығы тарихын, отбасы институтының күйреуін, балалардың ата-аналарынан ажырап қалуын, балдырғандардың босқындарға айналуын, панасыз жеткіншектердің ауыр жағдайын, олардың аштық пен әлеуметтік қорғансыздықтың құрбандары ретінде жапа шегулерін, күнделікті тұрмыс-тіршілігін, тұрмысын бүге-шүгесіне дейін зерттеуге қолайлы. Көрсетілген кезеңдегі балалар панасыздығы тарихын тарихи-антропологиялық бағыт арқылы талдау балалар панасыздығының тек тарихи ғана емес әлеуметтік, психологиялық қырларын жаңаша зерделеуге мүмкіндік береді. 1920–1930 жылдардағы балалар панасыздығы тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі айқын. Проблеманы ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық болмысты және тарихи әділеттілікті қалпына келтіру ауқымында зерттеу ұтымды. Балалар панасыздығы мәселесі этникалық бірегейлікті сақтау, ұлттық тәрбиені, жандандыру, тарихи жадты жаңғырту тұрғысынан зерттеуде қарастырылуы тиіс.

Қорытынды. Балалар панасыздығы тек тарихи факті ғана емес, сонымен қатар ұлттың ұжымдық жадына әсер ететін қоғамтанулық мәселе. Өз кезегінде қоғамды алаңдатқан панасыз балаларды құқықтары мен әлеуметтік жағдайы қорғалмаған әлсіз топ ретінде қарастыру мәселенің жаңа қырларына үнілуге жол ашады. Себебі 1920–1930 жылдардағы балалар панасыздығы этносоциологиялық дағдарыстың айқын көрінісі болғандығы жасырын емес. Панасыздықтың әлеуметтік қауіпті топ ретінде елдің болашақ дамуына кері ықпалын, отбасылық құрылымның күйреуіне, ұлттық құндылықтардың жоғалуына әсерін тарих, мәдениеттану, әлеуметтану ғылымдарының тоғысында зерделеу мәселенің жаңашылдығын арттырады. Сондай-ақ тақырыпты заманауи босқыншылық, балалардың соғыс құрбандарына айналуымен байланыстыра зерделеу мәселенің өткір тұстарын шынайы түрде көрсетуге ұмтылдырады.

Дереккөздер

АқМА — Алматы қаласы мемлекеттік архиві
 ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президенті архиві
 ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
 ӨзР ҰА — Өзбекстан Республикасының Ұлттық архиві

Әдебиеттер

- Әбжанов, 2014 — *Әбжанов Х.* Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. Алматы: Елтаным баспасы, 2014. 328 б.
- Алдамжар, 2002 — *Алдамжар З.* Тарих: пайым пен тағлым. Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. 288 б.
- Антонова, Иванов, 2014 — *Антонова Т.А., Е.В. Иванов.* Социально-педагогическая работа с беспризорными детьми в истории России. Великий Новгород: Новгородский гос. ун-т им. Ярослава Мудрого, 2014. 148 с.
- Alan, 1996 — *Alan M. Ball.* And Now My Soul Is Hardened: Abandoned Children in Soviet Russia: 1918–1930. University of California Press, 1996. 335 p.
- БРЭ, 2016 — *Большая российская энциклопедия.* Т. 11. М.: Научное изд-во «Большая российская энциклопедия», 2016. 767 с.
- Войткевич, 2012 — *Войткевич И.Н.* История беспризорности в России в 20-е годы XX ВЕКА // *Современные проблемы науки и образования.* 2012. № 2. С. 17–21.
- Дильманов — *Дильманов С.Д.* Исправительно-трудовые лагеря НКВД – МВД СССР на территории Казахстана [30–50-е годы XX века]: Дис. ... д. и. н. Алматы, 2002. 350 с.
- ҚСЭ, 1976 — *Қазақ совет энциклопедиясы.* Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы, 1976. 116 б. [637 б.].
- Крупская, 1923 — *Крупская Н. К.* К вопросу о морально-дефективных // *На путях к новой школе.* 1923. № 9. С. 3–10.
- Қозыбаева, 2023 — *Қозыбаева М.М.* және т.б. XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары (жаңа архивтік және жазбаша дереккөздер негізінде): Ұжымдық монография. Алматы: ИП «Мадияр», 2023. 264 б.
- Именем, 1922 — *Именем 20 000 детей // Туркестанская правда.* Орган ЦК Компартии Туркестана, Туркбюро ВЦСПС и ТурЦИКа. 1922. 26 октября.
- Иренов, Шәзінда, 2011 — *Иренов Ф.Н., Шәзінда С.М.* Кеңес дәуіріндегі кәмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлық мәселесі. // *Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық сериясы.* 2011. № 3–4. 81–86-бб.
- Лившиц, 1925 — *Лившиц Е.* Социальные корни беспризорности. М., 1925. 125 с.

- Мекачи, 2023 — *Мекачи Л.* Беспризорные: бродячее детство в Советской России [1917–1935]. Пер. с ит. Ирины Боченковой. Санкт-Петербург: Изд-во Ивана Лимбаха, 2023. 361 с.
- Мемлекет басшысы, 2022 — *Мемлекет басшысы* Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысына қатысты // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2022 жылғы 16 маусым. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulattyk-kuryltaydyn-algashky-otyrysyna-katysty-165221>
- Мұхатова, 2025 — *Мұхатова О.* Қазақстандағы 1920–1930-жылдардағы панасыз балалар тарихын зерттеу: проблемалары мен бағыттары // *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы.* 2025. № 1[84]. 186–200-бб.
- Омарбеков, Омарбеков, 2004 — *Омарбеков Т., Омарбеков Ш.* Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 388 б.
- Орысша-қазақша, 2006 — *Орысша-қазақша* түсіндірме сөздік. Педагогика. / Жалпы ред. басқарған э.ғ.д.; профессор Е. Арын. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2006. 46-б. [476 б.]
- ПТЛ, 1983 — Педагогик терминлар луғати / тузувчилар жамоаси. Тошкент : ЎзССР «Совет энциклопедияси» нашриёти, 1983. 52–53-бб.
- Саипова, 2021 — *Саипова К.* История национальных меньшинств Узбекистана [1917–1990 гг.]. Ташкент: Turon-Iqbol, 2021. 277 с.
- Сактаганова, Карсакова, 2017 — *Сактаганова З.Г., Карсакова Г.Б.* Влияние голода на рост числа беспризорных детей в Акмолинской губернии в 1920-е гг. // *Вестник КазНУ. Серия историческая.* 2017. № 3[86]. С. 5. [С. 4–10].
- Kelly, 2007 — *Kelly C.* Children's World: growing up in Russia, 1890–1991. L.: Yale University Press, 2007. 714 p.
- Сарсенбаев, 2013 — *Сарсенбаев Б.С.* Кыргызско-казахские взаимоотношения в составе СССР [20–30-е гг. XX в.]. Бишкек: КРСУ, 2013. 144 с.
- Сборник, 1936 — *Сборник* законодательного и руководящего материала по вопросам организации распоряжению фондом имени В.И. Ленина для помощи беспризорным детям. М.: Изд-во Власть советов при президиуме ВЦИК, 1936. 23 с.
- Славко, 2012 — *Славко А.А.* История беспризорного и безнадзорного детства в России: конец 1920-х-начало 1950-х годов. Чебоксары: Перфектум, 2012. 400 с.
- Сүгірәлімова, 2006 — *Сүгірәлімова Г.Б.* Қазақстандағы панасыз балалар: Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар): т.ғ.к. ... дисс. Екібастұз, 2006. 73–74 бб. [147 б.].
- ЎСЭ, 1974 — *Ўзбек совет энциклопедияси: 14 жилдда / Бош муҳаррир И.М. Мўминов.* Тошкент: ЎзССР Фанлар академияси, 1971–1980. 5-жилд: Ижтимоий ҳаёт – Қонун. 1974. 214–215-бб.
- Шаймуханов, Шаймуханова, 1997 — *Шаймуханов М.Ж., Шаймуханова С.Д.* Карлаг. Караганда, 1997. 176 с.

Sources

- AQMA — Almaty qalasy memlekettik arhivi [Almaty State Archive]
- QRRR — Qazaqstan Respublikasy Prezidenti arhivi [Archives of the President of the Republic of Kazakhstan]
- QROMA — Qazaqstan Respublikasy Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]
- ORUA — Ozbekiston Respublikasy Ul'tyq arhivi [National Archive of the Republic of Uzbekistan]

References

- Abzhanov, 2014 — *Abzhanov H.* Kazakstan: ul'tyq tarih, ideya, metodologiya [Kazakhstan: national history, idea, methodology]. Almaty: Eltanym baspasy, 2014. 328 p. [In Kaz.].
- Alan, 1996 — *Alan M.* Ball. And Now My Soul Is Hardened: Abandoned Children in Soviet Russia: 1918–1930. Berkeley: University of California Press, 1996. 335 p.
- Aldamzhar, 2002 — *Aldamzhar Z.* Tarih: pajym pen taglym [History: vision and wisdom]. Almaty: Arys baspasy, 2002. 288 p. [In Kaz.].
- Antonova, Ivanov, 2014 — *Antonova T.A., Ivanov E.V.* Social'no-pedagogicheskaya rabota s besprizornymi det'mi v istorii Rossii [Social and pedagogical work with street children in the history of Russia]. Veliky Novgorod: Novgorod State Univ. named after Yaroslav the Wise, 2014. 148 p. [In Russ.].
- BRE, 2016 — *Bol'shaya rossiyskaya entsiklopediya* [The Great Russian Encyclopedia]. Vol. 11. Moscow: Bol'shaya rossiyskaya entsiklopediya, 2016. 767 p. [In Russ.].
- Dilmanov, 2002 — *Dilmanov S.D.* Ispravitel'no-trudovye lagerya NKVD–MVD SSSR na territorii Kazakhstana [30–50-e gody XX veka] [Forced labor camps of the NKVD–MVD USSR in Kazakhstan (1930–1950s)]: Doctoral dissertation. Almaty, 2002. 350 p. [In Russ.].
- Imenem, 1922 — *Imenem* 20 000 detey [In the name of 20,000 children]. *Turkestanskaya Pravda.* 1922. 26 October. [In Russ.].

- Irenov, Shazinda, 2011 — *Irenov G.N., Shazinda S.M.* Kenes dauirindegi kamilettik zhaska tolmanan zhasospirimder arasynda deviantty minez-kulyk maselesi [The problem of deviant behavior among minors in the Soviet period]. *Pavlodar State University Bulletin. Humanities Series*. 2011. No. 3–4. Pp. 81–86. [In Kaz.].
- Kelly, 2007 — *Kelly C.* Children's World: Growing up in Russia, 1890–1991. New Haven: Yale University Press, 2007. 714 p.
- Kozybaeva, et al., 2023 — *Kozybaeva M.M. et al.* XX gasyrdyn 20-zhyldarynyn basyndagy Kazakstandagy asharshylyk zhane onyn saldary [Famine in Kazakhstan in the early 1920s and its consequences]: Collective monograph. Almaty: IP Madiyar, 2023. 264 p. [In Kaz., Russ.].
- Krupskaya, 1923 — *Krupskaya N.K.* K voprosu o moral'no-defektivnykh [On morally defective children]. *Na putyakh k novoy shkole*, 1923. No. 9. Pp. 3–10. [In Russ.].
- KSE, 1976 — *Kazakh soviet entsiklopediyasy* [Kazakh Soviet Encyclopedia]. Almaty: Kazakh soviet entsiklopediyasy, 1976. 637 p. [In Kaz.].
- Livshits, 1925 — *Livshits E.* Sotsial'nye korni besprizornosti [Social roots of homelessness]. Moscow, 1925. 125 p. [In Russ.].
- Mekachchi, 2023 — *Mekachchi L.* Besprizornye: brodyachee detstvo v Sovetskoy Rossii [1917–1935] [Street children: wandering childhood in Soviet Russia [1917–1935]]. St. Petersburg: Ivan Limbakh Publ., 2023. 361 p. [In Russ.].
- Memleket basshysy, 2022 — *Memleket basshysy* Ultyk kurylytdyn algashky otyrysyna katysty [Participation in the first meeting of the National Kurultai]. Official website of the President of the Republic of Kazakhstan, 16 June 2022. [In Kaz.].
- Muhatova, 2025 — *Muhatova O.* Kazakstandagy 1920–1930-zhyldardagy panasyz balalar tarihy zertteu: problemalary men bagyttary [Study of the history of homeless children in Kazakhstan in the 1920s–1930s]. *Abai KazNPU Bulletin. Historical and socio-political sciences series*, 2025. No. 1[84]. Pp. 186–200. [In Kaz.].
- Omarbekov, Omarbekov, 2004 — *Omarbekov T., Omarbekov Sh.* Kazakstan tarihynda zhane tarihnamasyna ul'tyk kozkaras [National approach to the history and historiography of Kazakhstan]. Almaty: Kazakh University, 2004. 388 p. [In Kaz.].
- Oryssha-kazaksha, 2006 — *Oryssha-kazaksha* tusindirme soz'dik. Pedagogika [Russian-Kazakh explanatory dictionary. Pedagogy]. Pavlodar: EKO, 2006. 476 p. [In Kaz.].
- PTL, 1983 — *Pedagogik terminlar lugati* [Dictionary of pedagogical terms]. Tashkent: Uzbek Soviet Encyclopedia, 1983. Pp. 52–53. [In Uzb.].
- Saipova, 2021 — *Saipova K.* Istoriya natsional'nykh men'shinstv Uzbekistana [1917–1990] [History of national minorities of Uzbekistan]. Tashkent: Turon-Iqbol, 2021. 277 p. [In Russ.].
- Saktaganova, Karsakova, 2017 — *Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.* Vliyanie goloda na rost chisla besprizornykh detey v Akmolinskoy gubernii v 1920-e gg. [Impact of famine on the growth of street children in Akmola province in the 1920s]. *Vestnik KazNU. History series*, 2017. No. 3[86]. Pp. 4–10. [In Russ.].
- Sarsenbaev, 2013 — *Sarsenbaev B.S.* Kyrgyzsko-kazakhskie vzaimootnosheniya v sostave SSSR [20–30-e gg. XX v.] [Kyrgyz-Kazakh relations within the USSR [1920–1930s]]. Bishkek: KRSU, 2013. 144 p. [In Russ.].
- Sbornik, 1936 — *Sbornik zakonodatel'nogo i rukovodyashchego materiala po voprosam organizatsii fonda imeni V.I. Lenina dlya pomoshchi besprizornym detyam* [Collection of legislative materials on the V.I. Lenin Foundation for Assistance to street children]. Moscow: Vlast' Sovetov, 1936. 23 p. [In Russ.].
- Shajmuhanov, Shajmuhanova, 1997 — *Shajmuhanov M.Zh., Shajmuhanova S.D.* Karlag. Karaganda, 1997. 176 p. [In Russ.].
- Slavko, 2012 — *Slavko A.A.* Istoriya besprizornogo i beznadzornogo detstva v Rossii: konec 1920-kh – nachalo 1950-kh godov [History of street and neglected childhood in Russia]. Cheboksary: Perfektum, 2012. 400 p. [In Russ.].
- Sugiralimova, 2006 — *Sugiralimova G.B.* Kazakstandagy panasyz balalar [1920–1940] zhyldar [Homeless children in Kazakhstan [1920–1940]]: Candidate dissertation. Ekibastuz, 2006. 147 p. [In Kaz.].
- USE, 1974 — *Uzbek soviet entsiklopediyasi* [Uzbek Soviet Encyclopedia]. Vol. 5. Tashkent: Academy of Sciences of Uzbek SSR, 1974. Pp. 214–215. [In Uzb.].
- Voytkovich, 2012 — *Voytkovich I.N.* Istoriya besprizornosti v Rossii v 20-e gody XX veka [The history of homelessness in Russia in the 1920s]. *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya*, 2012. No. 2. Pp. 17–21. [In Russ.].

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б. О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
Мамраймов С. КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B. VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
Жолдасұлы Т., Досым А.Б. ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
Zhumatay G., Yskak A. TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
Zholseitova M.A. SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
Сабитов Ж.М., Каратаев А.А. О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
Ахметова Г.М. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
